



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ МЕН ТҮСІНДІРМЕ БАЛАМАСЫ

Амантай Данагул

[nurbaevad@mail.com](mailto:nurbaevad@mail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана,

Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ә. Қ. Мүтәлі

Халқымыздың ұлы ақыны Абай «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағдысына кіреді» деген болатын. Біздің Қазақстанда бүгінгі күні көптеген халықтардың бірлестігі мекен етеді. Әр халықтың тілі, діні, әдебиеті, өмір сүру мәдениеті, ауыз әдебиеті сияқты жеке ерекшеліктері болады. Осы мағынада адам баласының ойын жарыққа шығаратын ең мықты құрал ол тіл болып табылады. Ал тіл адамдардың бірін-бірі түсінетін құрал ғана емес, сонымен бірге атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер білімін жеткізуші. Халық мұрасының барлығы, оның тарихы, мәдениеті, өркениеті тіл арқылы жеткізіледі.

Халықтық мақал-мәтелдерге келер болсақ шын мәнінде олардың айтылуы әр түрлі болғанымен, мән жағынан айтар ойы бірдей. Әсіресе әр түрлі тілдік топқа жататын ағылшынша және қазақша мақал мәтелдердің мәнін қарастыру және талдау қызығушылық тудырады. Мән беріп қарайтын болсақ кей кезде құрылысы мен мағынасы жағынан бірдей сонымен бірге аударылған жағдайда айтар мағынасы да ұқсас болып жатады. Кейде мақал мәтелдердің нақты айтылуы өзгеше болғанымен, олардың мағынасы әр түрлі болуы мүмкін. Сонымен бірге мақалдардың синонимдік жағынан ұқсастығы да кездесіп жатады. Шын мәнінде әр түрлі тілдегі мақалдарды білу өте пайдалы. Себебі олар түрлі халықтың менталитетін аша біледі. Тіл өзгерсе де, сөз өзгерсе де мақалдың айтар ойы, мағынасы өзгермейтіні анық. Мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетін сүйіп құрметтеуге, сөз өнерінің асыл қазынасын меңгеруге, тапқыр сөйлеуге, ретті жерлерде қолдана білуге, сыйғызып айта білуге тәрбиелейді. Бүгінгі күннің басты талабы шетел тілін оқып үйрену, жандандыру, тіл жаттығуларын дамыту, ережемізге жаңа әдіс тәсілдерді еңгізу. Қазіргі таңда әлем сахнасында ғаламдық жаһандану, әлемдік білім беру кеңістігіне ену процесі жүріп жатыр. Ұлы дана Әл-Фараби айтқандай «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Біздің келешек ұрпақ кәсіби білім алуда барынша нақтыланып, мықты елдердің қатарына қосылуы шарт. Бұл негізде «қазіргі Қазақстанның болашағы – жастар» дегенді ескеру қажет. Ықылым заманнан бері халықтың өзімен бірге жасалып, екшеліп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалып жатқан ауыз әдебиетінің саласының бірі – мақал-мәтелдер. Қазақ халқы қашанда «Мақал-сөздің мұнарасы», «Мақал-мәтел – сөз мәйегі», – деп аса құнды баға берген. Ұзақ жылдар бойы халықтың іс-тәжірибесінен түйінделген даналықтың жемісі – мақал-мәтел. Сол бір тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде дана халықтың аңсаған арманының негізгі үні жатыр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал –мәтелге мынадай түсіндірме берген: мақал үлгі өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз; мақал деп қысқа, образды, ұйқасатын тұжырымды нақыл сөзді айтамыз. Ал мәтел – бейнелі, тұжырымды әрі ықшам сөз. [1]

Қазақ, ағылшын тілдерінде мақал-мәтел түрліше жан-жақты талданып, түрліше қарастырылады. Мысалға айтар болсақ: еңбек, білім, ғылым, отбасы, туған жер, отан, адамгершілік. Мақал-мәтелдердің жалпы тақырыбы халықтардың барлығында бірдей. Ал, кей уақытта оның айтар сөзі ғана емес сонымен бірге мағынасы да бірдей болып жатады. Мысалы: Білім –қуат. Knowledge is power. Бұл мәтелді қарар болсақ сөздік баламасы әрі мағынасы да дәл келіп тұрғанын байқай аласыз. Бұл синонимикалық мәтелдер, яғни аудару барысында тікелей аудару арқылы аударылған, мағыналары да, сөздері де бірдей. Бұндай ұқсас синонимикалық мақал мәтелдерді шетел тілін меңгеруде қолдану өте қолайлы. 1. A good name is better than riches – Жақсы сөз – жарым ырыс. 2. Two heads better one – Екі кісі бір

кісінің тәңірісі. 3. East or west home is best – Өз үйім өлең төсерім. 4. If you run after two hares, you will catch neither - Екі кемнің басын ұстаған суға кетеді. 5. There is no smoke without fire – Жел болмаса, шөптің басы қозғалмайды. 6. There is no place like home – Айхай өз үйім, кең сарайым боз үйім. 7. There are spots even on the sun – Төрт аяқты мал да сүрінеді. 8. Tastes differ – Әркімнің өз талғамы бар. 9. All is well that ends well – Басы қатты болса, аяғы тәтті болады. 10. Bad news flies fast – Жамандық жерде жатпайды. 11. We shall see what we shall see – Көргеніңнен көрмегенің көп. 12. Who keeps company with the wolves will learn to howl – Жолдасына қарап, кісіні білерсің. 13. Better late than never – Ештен кеш жақсы. 14. All is not that glitters – Жылтырағанның бәрі алтын емес. 15. As you have made your bed, so you must lie on it – Не ексең, соны орасын. 16. Rome was not built in a day – Еңбегіне қарай өнбегі. 17. Don't count your chickens before they are hatched – Балапанды күзде санайды т.б. [2]

Мақал – мәтелдердегі оқумененбек, ойынмен өнер, адамның әртүрлі жақсы қасиеттері, елінсүю, ата – ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау т.б. осы іспетті өнегелі сөздер баласанасына біртіндеп құйыла береді.

Мақал – мәтелдер тілдің адам өміріндегі ролі туралы аз айтпаған. Жалпы, бейнелі сөз, шешендік өнерге құрмет – о бастан-ақ қазақ психологиясына ерекше тән сипат. «Қазақ шешендікке құмар, ол сөз өнерін, әсіресе әзіл-оспақты қатты сүйеді» деп тегін айтпаған Ш. Уалиханов.

Адамның жан дүниесінің тілден көрініс табуы, яғни ой шындығының сөз арқылы бейнеленуі қазақ мақал – мәтелдерінде есепсіз мол дүние екендігі байқалады.

Қазақстан Республикасының егеменді ел халықаралық қатынастар субъектісі болуына және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты, тілдік бірліктердің тұтас мағынасына жете түсінбей тіркес құрамындағы сыңарлар мәнін негізге ала отырып аудару сәтсіздіктерге ұшырату мүмкін. Сондықтан мақал-мәтелдердің тіл аралық семантикасын салыстыра зерттей отырып, ондағы жалпы халықтық мәнділіктер мен заңдылықтарды және этностық ерекшеліктерді сондай-ақ ұлт, тіл, мәдениет және өркениеттің өзара сабақтастығын айқындау да өзекті мәселе. «Ұлт пен біртұтас» деген қағидаға сәйкес, қазақ – ағылшын мақал-мәтелдердің тек тілдік емес этнолингвистикалық тұрғыда қарастыру бірлік астарындағы ұлттық болмысты тану жағынан да көкейтесті мәселелер қатарына жатады.

Мақал-мәтел, нақыл сөздер тілімізді байыта түсетін халықтың асыл қоры. Ал басқа тілдегі мақал-мәтелді біліп түсіну – бұл тілді жақсы меңгеруге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар басқа халықтың ой – бейнесін және мінез-құлқын түсіндіруіне көп үлес қосады, дәнекер болады.

Ә. Қайдар: «Кез-келген эпостың, ұлттың тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың яғни эпостың, ұлттың ұлыстың тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың яғни эпостың шын мәніндегі құбылыстың аты, жөні, сыр – сипаты қоғамдық қатынастар әдет-ғұрып, салт-санамен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрінде кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер емес мақал-мәтелдер арқылы жетіп келуі мүмкін-деп өз тұжырымын айтқан болатын. [3]

Бірқатар қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өзара сәйкестіктері байқалады, абсолютті эквивалент, яғни теңбе-тең балама түрлері де кездеседі. Ағылшын мақалдары көбіне бір сөйлемнен ғана құрылса, қазақ мақалдарының басым көпшілігі екі не бірнеше тармақты болып келеді. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі айтылап ойдың басқа бір жағдай, не құбылыспен салыстырыла жеткізілуін тілдік ерекшеліктер санатына жатқызуға болады. Қазақ мақалдарының белгілі бір ұйқасы дыбыс үндестігі, тұлға сәйкестігі және мағына үйлесімділігі тәрізді шарттарға негізделіп құралуы қазақ халқының ертеден шешендік өнерге, ақындыққа ерекше көңіл бөлумен байланысты. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің құрамында елді-мекендердің атаулары мен кісі есімдері жиі кездеседі.

Мақал-мәтелдерді бірнеше топқа саралауға болады. Олар: адам және оның қасиетіне байланысты мақал-мәтелдер, еңбек және кәсіп туралы, ғылым-білім туралы, денсаулық

туралы, тіл өнері, достық ,жолдастық туралы. Бірінші адам қасиеті бойынша мысал келтірер болсақ; One man, no man. Half a loaf is better than no bread. Forewarned is protected. Don't cross the bridge before you come to it. There is no life without unity. Handsome is that handsome does. A man can't live without other man. Appearance is deceitful. Еңбектуралы мысал; In doing the learn, Art is long, life is short, As you sow, you shall mow, A stitch in time saves nine, No pains, no gains, Business-before pleasure, Тілөнері бойынша мысал: Actions speak louder than words, A closed mouth catches no flies, First think, then speak, All roads lead to Rome, The language is a key of mood. Достық туралы мысал: friend to all is friend to none, Friends eye is a good mirror, A friend in need is friend indeed, You know a man by his friends, Old friends and old wine are best. Денсаулық туралымысал: Health is better than wealth, Take a hair of the dog that bit you, Custom is a second nature, Every heart knows its own bitterness, If each would sweep before his own door, He should have a clean city т.б. [4] Ағылшылын тілінде топтастырылған бұл мақал-мәтелдердің бір ерекшелігі онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында, ерекшеленген сұрыпталған, жылдам біріккен формасына сай. Мақал-мәтелдердің тағы бір ерекшелігі тура және ауыспалы мағынасы болады. Мысалы; Time and tide wait no man, Early bird catches the worm, All are not saints that go to church т.б. Ал, Кейбір мақалдарға айтпақ ой астарлы мағынада көрсетіледі. Love me, love my dog, English house is his castle, One drop of poison spoils the whole fun of wine, All is well that ends well, A drowning man will catch at a straw т.б.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерге қатысты материалдарға шолу жасар болсақ, оларды жинау, жариялау ісі екі кезеңнен тұратынын байқаймыз: бірінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысы. Кеңес дәуірінің 1948 жылдарына дейін мақал-мәтелдерді тек халық аузынан жинақтап, қағаз бетіне түсіріп, жеке басылым ретінде шығару жұмыстарды жүргізілген болса, екінші кезең мақал-мәтелдерді тілдік тұрғыдан зерттеулердің пайда болуымен сипатталады. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым — Ш. Уәлиханов.

Қазақ мақал – мәтелдерін жинақтап, баспадан шығару ісі хронологиялық жүйе тұрғысынан алғанда, 1874 жылдардан бастау алды. Алғашқы жинақ Ш. Ибрагимовтың құрастыруымен 1874 жылы жарық көрсе, Б. Алтынсарин 1879 жылғы «Қырғыз хрестоматиясы» атты еңбегіне ел аузынан жинаған қазақтың алпыс жеті мақалын кіргізіп, 1906 жылы Орынборда жарық көрген хрестоматияның екінші басылымына ел аузынан жинаған қазақ мақал-мәтелдерінің ең таңдаулы екі жүз үш нұсқасын он бір тақырыптық топқа бөліп жариялаған. Танымал ғалым Ә. Диваев. Ғалым халық арасынан жинаған мақал-мәтелдерін 1900 жылы жеке кітапша етіп, В.И. Ильиннің баспаханасынан типографиялық әдіспен жариялатқан. Ал, 1927 жылы Ә. Диваевтың құрастыруымен қазақ мақал-мәтелдерінің толық жинағы жарық көрді. [5]

Ө. Тұрманжановтың халық шеберлігі мен шешендігінің куәсі іспеттес жалпы халық қорды ұрпақтан – ұрпаққа жеткізу тұрғысында қосқан үлесі мол. Ол бұрын-соңды жарияланған және әдеби-тарихи мұражайларда қолжазба күйінде сақталған халық мақалдары мен мәтелдерін сұрыптап жүйеге келтірген. Ағылшын тіліндегі жалпы халықтық мұраны жинақтауда тарихи деректерге сүйенер болсақ, көне мақал-мәтелдер тізбегін қамтитын алғашқы топтама “Book of Proverbs in the Old Treatment”. Жинаққа өте көне ағылшын мақал-мәтелдері енген. Кейіннен халық игілігіне арнап жинақтар жазған Дизидериус Эрасмустес, Джон Хеуд, Джю Кларк, Джеймс Кэлли, Томас Фуллер, Уиллифм Кареу Хазилит, Бэнджами Франклин т.б. Мақал-мәтелдерді біздің елімізде жүйелеп, жинақтап келер ұрпаққа аманат етіп қалдырып жүрген азаматтарымыз баршылық. Дегенмен мақал-мәтелдерді сұрыптап, белгілі бір жүйеге келтіруде, тілдік бірлестіктер табиғатының кейбір қырларын айқындауда зор еңбек сіңірген ғалым Г.Л. Пермяков аталмыш тұрақты тұлғалардың тілші ғалымдар тарапынан да, әдебиетші мамандар тарапынан да зерттелуі қажеттігін ескертеді. [6]

XXI ғасыр адамы белсенді, мәдениетті, өз менталитетіне сай, экономикалық, саяси білімді болуы шарт. Ал, түрлі тілді меңгерген адам еш жерде қалмайды. Қазіргі кезде шетел тілінің қажеттілігі күннен күнге артып келеді «Үш тілді білу заман талабы» деп елбасымыз

Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа жолдауында айтқан. Осы негізде ауыз әдебиетінің көрнекті саласы мақал-мәтелдерді өзге тілде салыстырып оның мағынасын, мәдениетін, айтар ойындағы ұқсастығын көрсету арқылы кейбір сөздік емшелерін аша білдім деп ойлаймын. Бұл айырмашылық ағылшын тілін үйренуге көрсетеді деп сенемін.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Мектеп, 1983 ж.
2. Heywood J. A Dialogue Containing the Number in Effect of all the Proverbs in the English Tongue. London, 2001 ж.
3. Нұрышов С.Н. Қазақ халық мақалдарының даму тарихынан. – Алматы: Көркем әдебиет, 1959. – 128 б.
4. Селянина Л. И. Варианты пословиц английского языка. АКД. - Москва. 1970 ж.
5. Жүсіпова Р. Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты: Филол. ғыл. канд. дисс... автореф. Алматы, 2004. – 30 б.
6. Қайдар Ә. Тіл білімінің өзекті мәселелері.- Алматы: Ана тілі, 1999. – 304 б.

УДК 327(574)

### **СОВРЕМЕННАЯ ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА**

**Багитжанова Жанар Багитжанқызы**

[zhaanb@bk.ru](mailto:zhaanb@bk.ru)

Студентка ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, факультет международных отношений, 2-курс

Астана, Казахстан

Научный руководитель – Л. И. Смолина

Язык – это стержень национального государства, поэтому этот вопрос является не только культурным, но и политическим. Язык – основополагающий механизм национального единения, инструмент возникновения и воспроизводства нации как социальной структуры и сохранения языкового многообразия.

Язык, являясь одной из главных характеристик общества, выполняет коммуникативную функцию. По частоте употребления языка, по тому, какой язык де-юре наделен тем или иным официальным статусом, а де-факто порой не обладает законными правами, можно охарактеризовать рассматриваемое общество. Языковой политикой называют государственную политику по развитию языков народов, населяющих территорию данного государства. Языковая политика проводится в языковой среде, т.е. в среде носителей того или иного языка. Она направлена на изменение языкового поведения носителей языка, т.е. языковая политика осуществляется по отношению к представителям языковых групп.

Эффективность и результативность языковой политики зависит от регулирования языкового поведения субъектов и объектов языковой политики. Субъектом языковой политики обычно бывает само государство, иные официальные государственные органы. В качестве объекта языковой политики выступают носители языка, представители языковых групп.

Языковая политика формируется как реакция государства на ту или иную возникшую языковую ситуацию или языковую проблему. Поэтому рассматриваемую языковую ситуацию или проблему можно назвать источником языковой политики. "Языковая политика – это совокупность законодательных актов государства, предназначенных для развития государственного, этнических языков общества. К чему относятся языковые аспекты национальной политики, проблемы и вопросы, связанные с развитием и стандартизацией языков". Языковая политика, проводимая тем или иным образом в определенной ситуации может способствовать регулированию межэтнических отношений или наоборот их обострению в данном регионе.